

## Қазақстан Республикасында ветеринариялық бақылаудағы жүктерді тасымалдау Ережесін бекіту

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 13 мамырдағы N 206 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 10 маусымда тіркелді. Тіркеу N 2359. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрінің 2010 жылғы 29 наурыздағы N 204 бұйрығымен.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрінің 2010.03.29 N 204 бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі N 339-ІІ "Мал дәрігерлігі туралы" Заңының 20-бабының 5-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының аумағында мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудағы жүктерді тасымалдау (орнын ауыстыру) Ережесі б е к і т і л с і н .

2. Ветеринариялық департаменті осы бұйрықтың туындайтын заңдарда белгіленген тәртіппен қажетті шараларды қолдансын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Ветеринариялық департаментінің директоры М.Т. Мыңжановқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Премьер-Министрінің            орынбасары                      -*

*Ауыл шаруашылығы Министрі*

Қазақстан                      Республикасы                      Ауыл  
шаруашылығы                      министрлігінің  
2003                      жылғы                      13                      мамырдағы  
N                      206                      бұйрығымен                      бекітілген

К е л і с і л д і :

Қазақстан                      Республикасының  
Кедендік                      бақылау                      агенттігі  
2003                      жылғы                      23                      сәуір

К е л і с і л д і :

Қазақстан Республикасының  
Көлік және коммуникациялар  
министрлігі  
2003 жылғы 6 мамыр

## **Қазақстан Республикасының аумағындағы мемлекеттік ветеринариялық қадағалау бақылайтын жүктерді тасымалдау (орнын ауыстыруды) Ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының 2002 жылы шілденің 10 күні шыққан "Ветеринария туралы" Заңының 21-бабына 5-тармағының сәйкес, осы Ереже заң жүзінде ұйымдастыру, шаруашылық және басқа да қарым-қатынаста жүк иелерімен, тасымалдаушылар және бақылаушы органдар арасында ветеринариялық заңдылықтардың нормаларын және талаптарын мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың бақылауындағы жүктер (бұдан әрі - бақылаудағы жүктер) тасымалданғанда орындалуы үшін жасалынған.

2. Бақылаудағы жүктер Қазақстан Республикасының аумағында тасымалданғанда (орнын ауыстыруды), міндетті түрде мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудан өтуі қажет.

3. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалауға жататын бақылаудағы жүктер:

1) жануарлар - үй жануарларының барлық түрлері, жабайы аңдар, зоопарктегі, цирктегі, лабораториялық, декоративтік, аса бағалы аңдар, теңіз жануарлары және басқа да гидробионттар, құстар, аралардың барлық түрлері, балықтар және сонымен қоса жыныстық және соматикалық жануарлар клеткалары (эмбриондар, ұрықтар, ұрықтандырылған уылдырықтар, инкубациялық жұмыртқалар);

2) жануарлардан алынатын өнімдер - ет және ет өнімдері, сүт және сүт өнімдері, балық және балық өнімдері, жұмыртқа және тамаққа қолданылмайтын сәйкесті өңдеуден өтпеген жұмыртқа өнімдері, бал ара өнімдері;

3) жануарлардан алынатын шикізаттар - тері, жүн, шаш, қыл, бағалы аң терісі, түбіт, қауырсын, эндокриндік және іш құрылысы ағзалары, қан, сүйек, мүйіз тұяқ және малдардан алынған, малдарға азық жасайтын басқа да шикізаттар;

4) жануарлар ауруларының қоздырғыштары, ветеринариялық препараттар, азық, азықтық қоспалар, патологиялық материалдар және сынама, олардан лабораториялық тексеріп анықтау үшін және ветеринариялық-санитариялық экспертиза үшін алынатын және су, ауа, жер, өсімдік сынамалары;

5) ветеринариялық және зоогигиена жүйесіне пайдалануға арналған заттар және бұйымдар, алдын-ала алу шаралары, малдарды емдеу және қарау, мал

ауруларын анықтау, ветеринариялық-санитариялық сараптама жасау;  
б) жануарлар ауруларының қоздырғыштарын таратуы мүмкін жүк көліктері, бүкіл тарылардың түрлері, орам материалдары.

4. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау бақылауындағы жүктер тасымалданғанда (орын ауыстыруды), артылғанда, түсірілгенде және жүк барған жерінде түсірілгенде, тасымалдау бағытында, мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторлары (бұдан әрі - ветеринариялық инспектор) арқылы қадағалау жүргізіледі.

5. Жануарлар артылатын орынға (станса, порт, пристан), артылуға 3 сағат бұрын жеткізіліп, күннің жарық уақытында мемлекеттік ветеринариялық инспекторымен зерттелуі керек.

6. Бақылаудағы жүктерді тасымалдау кезінде мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторларының міндеттері:

1) бақылау жүргізу;

бақылаудағы жүктердің артылатын және түсірілетін орындарында ветеринариялық-санитариялық ережелерді сақтау;

бақылаудағы жүктердің артылатын және түсірілетін орындардың, ветеринариялық-санитариялық жағдайын қарау;

бақылаудағы жүктердің артылатын, түсірілетін және сақтайтын орындарын дезинфекция жасау керек болса, осы шараларды ұйымдастыру және жүргізу;

V 0 6 4 3 3 9

2) барлық бақылаудағы жүктер тасымалданғанда, орнатылған үлгідегі ветеринариялық куәлік көрсетілуі керек, ветеринариялық куәлік көрсетілмеген жағдайда бақылаудағы жүктер тасымалдауға жіберілмейді;

3) бүкіл тасымалдауға ұсынылған жануарлар ветеринариялық бақылаудан өтеді, ірі қара малға, жылқыға, шошқаға, түйеге, сонымен қатар, термометрия жүргізіледі.

## **2. Бақылаудағы жүктерді тасымалдаудың ветеринариялық-санитариялық ережесі**

7. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалауындағы бақылаудағы жүктер тек қана (ауылдан, шаруашылықтардан, ұйымдардан) жұқпалы аурулардан таза және карантинде емес жерлерден шығуы керек.

8. Аудан көлемінен шығарылатын бүкіл бақылаудағы жүктерге, жүк жіберуші тасымалдаушыға орнатылған үлгідегі ветеринариялық куәлікті көрсетуге тиіс.

Егер бақылаудағы жүктер тек қана аудан (қала) көлемінде тасымалданса, онда ветеринариялық куәлік орнына ветеринарлық анықтама беріледі.

9. Ветеринариялық куәліктер және анықтамалар, жүк жіберушіге орнатылған тәртіп бойынша беріледі.

10. Жүк жіберуші ветеринариялық куәлікті автокөлік жүргізушісіне немесе бірнеше автокөлікке артылса, автоколонна бастығына беруі тиіс, соңыра жүргізушінің жол құжатына ветеринариялық куәліктің рет санын, берілген күні көрсетіліп, жүк жіберушінің мөрімен бекітіледі. Жүк жіберуші (немесе автоколонна басшысы) міндетті түрде, егер керек болса, жол бойында бақылау жүргізетін қызметтің қызметкерлері сұрауы бойынша ветеринариялық куәлікті көрсетуі қажет.

11. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының бақылауындағы жүктер әуе транспортымен тасымалданса, жүк жіберуші ветеринариялық куәлікті, жүк құжаттарымен бірге, аэропортты қамтитын мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторларына көрсетеді. Жүктің күй-қалпы тексерілгеннен кейін, ветеринариялық куәліктің дұрыс толтырылғаны анықталғаннан соң, мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторы қол қойып жүктердің басқа құжаттарына қосады.

12. Жүк келген орнында ветеринариялық куәлік, мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторына көрсетіліп, жіберуге рұқсат алғаннан соң, жүк алушыға тапсырылады.

### **3. Ауру және жұқпалы ауруға күмәнді жануарлар табылған сәтте тасымалданғанда қолданылатын шаралар**

13. Ауру, ауруға және жұқпалы ауруға күмәнді жануарларды тасымалдау кезінде (түсірілетін, транзит кезінде немесе артылатын уақытта) арасынан табылған уақытта, ветеринариялық инспекторлар міндетті түрде тез арада ауру жануарларды басқа малдардан бөлектеп, ауру малдар табылғаны туралы ауданның бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторына хабар беріп, өзі осы Тәртіпке және ветеринария саласында қолданылатын нормативті құқық актілеріне сәйкес шара қолданады.

Ауру сипатына қарай жекелеген малдар немесе барлық тасымалдаудағы жануарлар, карантинге, алдын-алу шараларына, емдеуге жататын болса, мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринарлық инспекторы, ауданның, облыстың, Республиканың бас ветеринариялық инспекторларының нұсқауларымен, бөлектеп ұстау және емдеу, аурудың алдын-алу шараларын ұйымдастырады. Аурудың сипатына қарай жануарлар сойылатын болса, оны мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторының бақылауымен, жақын жерде орналасқан ет комбинатының санитариялық сойыс орнына жеткізіледі. Ауруға ұшыраған жануарларды ұстайтын немесе сойылатын

жерге жеткізілуі, қоршаған ортаға жұқпалы аурулардың таралмауын, жоғарыда көрсетілген ветеринария саласында қолданылатын нормативті құқық актілерге сәйкес жүргізіледі.

14. Ауру жануарлар тасымалданған вагондарға, кемелерге, қайықтарға, ұшақтарға, автокөліктерге және алаңдарға, платформаларға, қораларға, сонымен қатар, ауру жануарлармен жанасқан құрал аспаптарға, қызмет етушілердің киім, аяқ-киімдеріне, ветеринария саласында қолданылатын нормативті құқық актілеріне сәйкес, міндетті түрде дезинфекция жүргізіледі.

15. Транзит кезінде жұқпалы аурумен ауырған жануарлар табылса, мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторы, ауру малы бар вагондарды, қайық, кеме, автокөліктерді тоқтатып, керек болса малы және жемімен бірге осы пойыздың бүкіл вагондарын ветеринариялық-санитариялық және эпизоотияға қарсы шараларды, осы Ережеге және ветеринария саласында қолданылатын нормативті құқық актілерге сәйкес жүргізеді.

16. Жұқпалы аурумен ауырған жануарлар болған вагондардан, кемелерден, қайықтардан, ұшақтардан, автокөліктерден мал нәжісімен және қолданылған төсенішін жол бойына тастауға, нәжіс және төсеніш тастауға рұқсат етілген стансаларда да тиым салынады. Бұндай вагондар, қайықтар, кемелер, ұшақтар нәжісімен және құрал-аспаптарымен бірге, жануарлар түсіріліп болған соң, ветеринария саласында қолданылатын нормативті құқық актілеріне сәйкес, ветеринариялық-санитариялық өңдеуге жіберіледі.

17. Ауру малдарға алдын алу шаралары, ауру жануарлар стансадан, порттан, пристаннан әкетілгеннен соң жергілікті ветеринариялық мекеменің мамандарының нұсқауы және қадағалауымен жүргізіледі.

18. Әр сәтте жануарларды тасымалдауға жіберілмеген кезде, жол бойында амалсыз түсірілгенде, түсірілген уақытта тоқтату шаралары қолданылғанда, тасымалдау кезінде (түсірілген және артылған уақытта), жұқпалы аурулар табылған сәтте, бруцеллез, туберкулез (құстардан басқа), маңқа аурулары анықталғанда, мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторы жүк жіберушінің (жүк алушы) және стансаның, порттың, аэропорттың қызметкерлерімен бірге акт жасалады. Бұл актіде тоқтату шаралары (табылған ауру), істелінген немесе істелінетін ветеринариялық- санитарлық және эпизоотияға қарсы шаралар көрсетіледі. Актінің бірінші нұсқасы акт жасалынған жергілікті жердегі ветеринариялық органға, екіншісі нұсқасы жүк жіберушіге (жүк алушыға) немесе жүк құжаттарына (транзит кезінде) қосып, ал үшінші нұсқасын облыстың ауданның (қаланың) бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторына, ал төртінші нұсқасын стансаның, порттың, пристанның, аэропорттың бастықтарына тапсырылады.

19. Ауру, жұқпалы ауруға күмәнді жануарлар табылған сәтте, ветеринариялық инспектор міндетті түрде келесілерге хабарлауы керек:

1) ауру жануарлар табылған жердің ауданның (қаланың) бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторына;

2) ауру жануарлар шығарылған ауданның (қаланың) бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторына;

3) егер, ауру жануарлар, жануарлардан адамға жұғатын ауру қатарына жатса, онда жергілікті санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау орындарына (ауру табылған жердің) хабар беріледі;

4) егер керек болса, күшейтілген (зерттеу, термометрия) ветеринарлық бақылаудағы жануарларды тасымалдауға мемлекеттік ветеринариялық инспекторы рұқсат берсе, ол мемлекеттік ветеринариялық қадағалау қарамағындағы жол жүру бойында телеграф жүзінде стансадағы, порттағы, пристандағы ветеринариялық мекемелерге және аймақтық шекара және көліктегі ветеринариялық қадағалау басқармасының бастығына хабарлайды.

20. Жұқпалы ауруымен ауырған жануарлар анықталған уақытта және олардың әрі қарай жүруіне рұқсат етілген болса, барлық жағдайларда қатаң түрде келесі шарттарды орындаулары қажет:

1) жануарлар тасымалданатын вагондарда, кемелерде, қайықтарда ұшақтарда дезинфекциялық ерітінді сіңдірілген төсеніштермен қамтамасыз етілуі керек;

2) жүк жіберуші жеткілікті санмен жануарларға жететін су беретін шелектермен қамтамасыз етілуі керек. Суғаратын орындардағы шелек және астаулармен малдарды суаруға тиым салынады;

3) жануарлардың жол серіктері арнаулы киіммен (халаттар, резиналы етіктер) , орамал, сабын және қолды залалсыздандыратын дезинфекциялық ерітіндімен қамтамасыз етілуі керек;

4) жануарларды вагондарға, автокөліктерге, қайықтарға, кемелерге, ұшақтарға арту және түсіру, тек қана ветеринариялық қадағалауының ветеринарлық инспекторларының қадағалауымен жүргізіледі. күйдіргі

21. Тасымалдағы бүкіл жануарлардан топалаң және аусыл , ірі қара малдың - обасы , сиырдың жұғымтал плевропневмониясы, қойдың - күл ауруы , шошқаның - оба және тілмесі , жылқының - маңқасы , бағалы аңдардың - оба , вирустік энтериті , құстарда - оба және пастереллез ауруы табылған болса, сол аумақтың бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторлары, шекара және көліктегі мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың аумақтық басқармасының инспекторлары, ауру жануар артылған жақтың аумақтың ветеринариялық мекемесіне және Ауыл шаруашылығы министрлігіне хабар беруге тиісті.

#### 4. Автомобиль көлігімен малдар тасымалдау

22. Жануарлар және құстар тасымалына арналған автокөліктер, тасымал жағдайына байланысты жабдықталуы керек. Ірі қара мал, шошқа, қой және ешкі тасымалдайтын автокөлік қорабы керекті (100 - 110 см) биіктікте болуы қажет. Жануарлар тасымалдау кезінде қолайсыз ауа райынан (өте ыстық, қыс, күз уақытында) сақтау үшін автокөлік қорабы брезентпен немесе басқа материалмен жабылуы тиіс. Автокөлік қорабы тесіксіз және бүтін болуы керек. Жануар тасымалына арнаулы (мал тасымалдайтын көлік) ағаш едені бар көлік пайдалануы керек. Автокөлік қорабы таза болып, қорап едені төселгішпен (сабан , ағаш ұнтағы және т.б.) төселінуі тиіс.

23. Ірі малдарды (жылқы, сиыр, бұқа) автокөлікте басымен алға қарай орналастырылып малдар қорапқа қатты байланады.

Ірі қара малдың екі жасқа дейінгі, шошқа, қой және ешкі, басқа ұсақ жануарлар байлаусыз, тек қана автокөлік қорабында әр малдың жатуына орын болса ғана тасымалданады.

Егер сыртқы ауа температурасы  $30^{\circ}\text{C}$  жоғары болса, шошқа тасымалдануы, тек қана ветеринария дәрігерінің рұқсатынан кейін тасымалдауға жіберіледі.

Жылқылар артылу алдында тағасыздандырылады.

Құстарды тасымалдау тек қана арнаулы істелінген (құстар түрімен) торларда рұқсат етіледі. Автокөлікке торларды қатарлап арту тек қана (төрт қатарға дейін), әрбір торға ауа жүрімі болған кезде рұқсат етіледі. Құсымен торларды бірнеше қатар етіп артқанда, торлар асты қатты және нәжіс ақпайтындай болуы қажет. Торларда қажетті мөлшерде төсеніш болуы керек.

Аралар өзіне керекті деңгейде істелінген омарталарда, жүк жіберушінің қарауымен тасымалданады.

24. Жануарларды тасымалдау кезінде малдың санына байланыссыз, автокөлік жүргізушісінен басқа, міндетті түрде арнаулы бөлінген жолсерік болуы керек.

Егер керек болса жолсерік жануарларды жол бойында қарайлау үшін, автокөлік қорабында малдардың жанына орналастырылады.

Бұл үшін жолсерікке арнаулы (ірі жануарларды тасымалданғанда қораптың алдыңғы жағында) жануарлардан бөлек орын дайындалады.

25. Жануарларды алыс жерге тасымалдаған уақытта (жол бойы 6 сағаттан көп болса), жүк жіберуші міндетті түрде малдарды керекті мөлшерде азықпен қамтамасыз етеді.

Жол бойы жануарларды (тәулігінде екі рет) міндетті түрде суарылады.

Малдар жол бойында 12 сағаттан көп тасымалданса, оларды әр 10-12 сағатта 2-3 сағатқа демалысқа түсіреді, егер түсіруге жағдай болмаса, жануарларды автокөлік қорабының үстінде көрсетілген мерзімде демалдырылады.

Демалыс кезінде жолсерік міндетті түрде жануарларды суарып және азықтандырып, автокөлік қорабын нәжістен тазалап, жаңа төсеніш салады.

Жануарлардың демалу, азықтандыру, автокөлікті нәжістен тазалау орны, тасымалдау бағыты, жүк жіберушінің жергілікті атқару мекемелерімен және ветеринариялық органдарымен алдын-ала келісілуі керек.

Жануарларды тасымалдау бағытында, әрдайым белгіленген және орналастырылған, мал суаратын орын болуы керек.

Жануарлар автокөлікте өте ұқыпты, қатты жүлқымай, тежемей тасымалдануы керек.

26. Бүкіл жануарлар артылу алдында шаруашылықтың (қора, кәсіпорын) ветеринариялық дәрігерімен және малдар артылу және түсірілу кезінде мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының инспекторларымен зерттеледі.

Байқау кезінде жануарлардың денсаулығы, қомдылығы, тасымалдау қабылеті анықталады.

Ауру жануарлар тасымалдауға жіберілмейді.

27. Жол бойында жануарлар ауырса немесе өлсе, жолсерік міндетті түрде жақын арадағы ветеринариялық мекемеге хабарлауы керек.

Баратын жеріне жүру тек қана мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторы малдарды байқаудан өткізгеннен кейін, бұл туралы ветеринариялық куәлікке көрсетілгеннен соң рұқсат береді.

28. Жануарлар автокөлікпен тасымалдау, орнатылған автокөлік жолдарымен жүргізіледі.

Тасымалдаудағы малдар бағытын, егер жұқпалы аурудан таза болмаса, тасымалдау бағытын жергілікті атқару мекемесінің келісімімен ветеринариялық мекемелері талапқа сай орналастырады:

ауданның (қаланың) бас ветеринариялық инспекторы - аудан ішінде және қала маңында тасымалдауға;

облыстың ветеринариялық мекемелері - ауданаралық тасымалдауға;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринария Департаменті - халықаралық және облысаралық тасымалдауға.

## **5. Жануарларды әуе көлігімен тасымалдау**

29. Жануарлар және құстарды тасымалдау кезінде, арнаулы жағдай талап ететін болса, онда жүк жіберуші міндетті түрде, авиакомпанияның қызметкерімен (тасымалдау бөлімінің бастығы) келісім жасау керек:

1) ұшақтардың қай түрлерімен тасымалдауға жіберілетінін;

2) ұшақтың қай бөлмелерінде, қандай температуралық жүйеде тасымалдауға болатынын;



3) ұшақта жануарлар мен құстарды, тасымалдауда қандай қосымша аспаптар және олар қандай мүліктермен (арнаулы торлар, төсеніштің түрлері, азықтандыратын құралдар және т.б.) керектігін;

4) жол бойында жануарлар азықтандыру және қарау бақылау ретін;

5) малдарды алып жүру үшін, қанша жолсерік немесе қызметкерлер керектігін ;

Жіберушінің жануарлар тасымалдауда қойған талаптарын орындау мүмкін болмаса, малдар тасымалдауға қабылданбайды.

Ұшақтың аспаптарының істен шықпауы үшін, оның ішін малдан бөлінген нәжістерден сақтау үшін, ұшақ еденіне брезент немесе ылғал жібермейтін басқа да материалдар және ылғалды жұтатын заттармен (кұрғақ ағаш ұнтағы және т.б.) немесе төсенішпен жабылады, болмаса оның кірлеуіне байланысты жаңадан жаңартылады. Егер де ұшақтың іші ұшу кезінде тазалауға келмесе, онда төсеніштің төселуі көбейтіліп, бір есеппен ұшу кезінде малдардан бөлінген нәжістерді өзіне тартып алуға жетуі керек. V085380

Бүкіл керекті аспаптар, құралдар, төсеніштер жүк жіберушімен әкелінеді.

30. Ветеринариялық бақылау бекеттері жоқ әуежайларда, жануарларды қарауды жергілікті мемлекеттік ветеринариялық бақылау инспекторлары жүргізеді, оларды шақыруды жіберуші атқарады.

Халықаралық тасымалдауда жануарларды қарау тек қана әуежайда орналасқан шекаралық ветеринариялық бекеттің (ары қарай - шекаралықветбекет ) ветеринариялық инспекторы жүргізеді.

31. Керек уақытында (өте құнды жануарлар немесе оларға әрдайым қадағалау керек ететін малдар болса) жануарларды жол бойы алып жүруге, жүк жіберуші жолсерік немесе ветеринариялық маманды міндетті түрде тағайындауы керек .

Ұшақпен жіберілген жануарлар (құстар) және тірі балықтар, уылдырықтар, 33-34-тармақта көрсетілгендей, жүк алушы міндетті түрде жүк алуға әуежайға келіп, оны түсіріп, одан соң малдар тасымалданған ұшақ ішін тазаланып, керек болса дезинфекция жасалынады.

32. Жануарлар әуежайға келген кезде, ұшақтан түсіріліп болғаннан соң, мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторы ветеринарлық зерттеу жүргізеді.

Мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторының рұқсатынсыз әуежай аумағынан жануарларды жіберуге тиым салынады.

## **6. Тірі балықтарды, уылдырықты, шаяндарды тасымалдау**

33. Тірі балықты, шаян және уылдырықты автокөлік және ұшақпен тасымалданғанда, оларды арнаулы мақсатпен істелінген (ағаш бөшке, резент күбі және қорап, бак, жәшік, полиэтиленді пакет) таза жуылған, дезинфекцияланған және қайтара жуылған ыдыстарға жайғастырылады.

Жүк жіберуші, артылатын балықтарды (шаяндарды, уылдырықты) міндетті түрде оттегісі керекті мөлшерде, зиянды қоспасыз таза, мөлдір суда тасымалданбайды. Балықты, қысқышбақаны алыс жерге тасымалданса, балығы (шаяндарды, уылдырықты) бар ыдыстардағы суды алмастыру және қосу үшін су қоймасынан алынатын судың инфекциялық және инвазиялық балық ауруларынан тазалығының есебімен, жіберуші алдын-ала орындарды анықтайды және бұл жұмыстардың істелуін қамтамасыз етеді.

## **7. Автомобиль көлігімен ет тасымалдау**

34. Автомобиль көлігімен жануарлар еті ауданнан сыртқа, тек қана мұздатылған, қатырылған немесе салқындатылған (6 сағат бойы салқындатылған, ет беті кішкене қатырылған) түрде тасымалданады; жаңа сойылған немесе қайта жібітілген еттерді тасымалдауға тиым салынады.

Автокөліктер, оның ішінде арнаулы автокөлік - мұздатқыштар жануарлар етін тасымалдауға сәйкес жабдықталып және жергілікті санитарлық қадағалау мекемесімен берілген санитарлық құжаты болуы керек.

Мұздатылған және салқындатылған еттер, ет тасуына арналмаған көлікте, тек арнаулы құтыда (жәшікте) іші ақ қаңылтырмен немесе цинкілік темірмен, болмаса осы жағдайға байланысты рұқсат етілген басқа да материалмен қапталған болса тасымалдауға рұқсат етіледі.

Салқындатылған және мұздатылған етті (құс ұшаларынан басқа) жақын араға, жергілікті жер ішінде болса үсті-үстіне екі қабатқа дейін артылып тасымалдауға рұқсат етіледі. Бұл үшін автокөлік едені жуылып, таза резент, оның үстіне жайма төселінеді. Еттің үсті таза матамен, сосын резентпен жабылуы керек. Қорабы ашық автокөлікпен қатырылған еттерді бірінің үстіне бірін тиеп, жоғарыда көрсетілгендей таза матамен жабылып тасымалдауға рұқсат етіледі.

Құстардың ұшалары жәшіктерге салынуы керек.

Автокөлік қорабында артылған ет немесе ет өнімдерімен бірге, жұмысшы - жүк артушылар немесе басқа адамдар болу қатаң түрде тиым салынады, егер де адамдарға арнаулы орын жасалған болса онда рұқсат етіледі.

35. Еттерді, келесі шарттар орындалған кезде тасымалдауға рұқсат етіледі:

1) бассыз, ұшалар орнатылған талапқа сәйкес бөлшектенуі тиіс (ірі қара мал және ірі малдар еті - төрт бөлікке, шошқа - ортасынан екі бөлікке, қой еті немесе ұсақ малдар - бүтін түрінде);

2) ұшаларда, механикалық жарақат, қанталаған, ұрылған, қанның орыны, ішек-қарынның қалдықтары және мойында, ішкі қуысында, сыртында жалбыраған еттер, ішкі құрылыстың қалдықтары болмауы керек;

3) ет беті қар немесе мұзбен жабылған, қатырылған, сонымен қатар, салқындатылған еттер мұздатылған еттермен және т.б. еттер бірге тасымалдауға ж і б е р і л м е й д і ;

4) қатырылған кесек еттерді пергаментке немесе басқа да бұл жағдайға арналған материалдармен оралып, арнайы қораптарға салынып тасымалдауға р ұ қ с а т е т і л е д і ;

5) әрбір ұшаларда немесе бөлек бөлшектерінде (жарты ұшаларда, төрт бөлікте бөлінген ұшаларда) анық, орнатылған тәртіп бойынша, ветеринариялық-санитариялық қарау таңбасы болу керек.

36. Жылдың жылы уақытында ашық көлікте еттер тасымалданса, тасымалдау уақытының ара қашықтығы, еттің жүк алушыға жеткенше бұзылмай жетуі керек. Бұл жағдайда жауапкершілік жүк жіберушіге жүктеледі.

37. Егер автокөлік қорабы мұнай өнімдерімен немесе басқа да сасық заттармен кірленген болса, және де сасық иісі бар басқа өнімдермен бірге салқындатылған және мұздатылған ет өнімдерін тасымалдауға тиым салынады.

38. Салқындатылған, мұздатылған және қатырылған еттерді арнаулы мұздатқыш - көлікпен тасымалданғанда, міндетті түрде, осы көлік түріне орнатылған техникалық шарттарын (етті арту немесе салу реті, температуралық жүйесі, мұздатқыштың жұмыс істеу жүйесі) сақталуы керек.

## **8. Жануарлардан шыққан шикізат және басқа өнімдерді тасымалдау**

39. Жұмыртқаларды ағаш ұнтағымен немесе арнаулы ораммен оралып, қатты қорапта тасымалданады. Жұмыртқаны сабан және ағаш жоңқасымен орауға тиым с а л ы н а д ы ;

мамық және қауырсын қапшыққа немесе басқа материалға салынады.

40. Ішек-қарын шикізаты, тері, бағалы-тері шикізаты, жүн, шаш, қыл тек қана сәйкес орамда тасымалдауға рұқсат етіледі. Мүйіз, тұяқ және сүйектер, жұмсақ еттен тазаланып кептірілген түрінде орамсыз (үйіліп) тек брезентпен жабылған кезде, тасымалдауға рұқсат беріледі. Ұшақпен тасымалдаған кезде олар орамда болуы керек.

41. Жануарлар, терілер, сүйектер және басқа шикізаттар орамсыз (үйіліп) тасымалданғанда түсірілгеннен соң, келген жерінде, осы Ережеде көрсетілген 45-тармаққа сәйкес, автокөлік және ұшақ тазаланып дезинфекция жасалынады.

Автокөліктер және ұшақтарды жүк алушының жер аумағынан шығару,

оларды келесі жануарлар, құс және жануарлар шикізатын тасымалдауға пайдаланатын болса, оларды алдын-ала тазаланбай және дезинфекция жасалмай пайдаланылуға болмайды.

## **9. Автомобиль көлігін және ұшақты тазалау және дезинфекция жүргізу**

42. Автокөліктер және ұшақтар жануарларды тасымалдаудың алдында және соңында, әрқашан артылар алдында және соңында міндетті түрде, тазаланып дезинфекция жүргізіледі. Арнаулы түрде жалғыз, ұсақ жануарлар мен құстарды (декоративтік, лабораториялық, зоопарктік және т.б.) және инкубатордағы балапандар тасымалдаған кезде тазалау және дезинфекция жұмыстары жүргізілмейді.

Осы ережелерге сәйкес ет және ет өнімдері немесе басқа жүктер тасымалданғанда, дезинфекция керек кезінде жүргізіледі.

Тазалау және дезинфекция жұмыстары жүк алушы мен жүк жіберушінің күші және қаражатына істелінеді.

43. Көлікті тазалау және дезинфекция жасау, арнаулы бөлінген жерде немесе мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторы көрсетілген жерде істелінеді.

44. Дезинфекция алдында автокөліктің қорабы және ұшақ, механикалық тазартудан өтіп, сосын дезинфекция шаралары жүргізіледі.

Тасымалданған жүктің түріне және оның кірлігіне қарай көлікті механикалық тазалаудан соң, қосымша ағынды ыстық сумен (60-70 ° C) жуылады, сосын кальциленген соданың ыстық 2%-тік ерітіндісімен ылғалдандырылады немесе сүртіледі немесе жоғарыда көрсетілген дезинфекциялық ерітіндімен алдын-ала, ыстық сумен алдын-ала жумай, ылғалдандырылады.

45. 42-тармақта көрсетілген жануарлар және басқа жүктер түсіріліп болғаннан соң, автокөлік және ұшақ механикалық тазалағаннан кейін, дезинфекция жасауға келесі дезинфекция жасалынатын ерітінділер қолданылады :

2%-тік формальдегид ерітіндісі, хлорлық әктің ерітіндісі, егер оның құрамында 2-3%-тік активті хлор болса, хлораминнің 4%-тік ерітіндісі, ыстық (60-70 ° C) күйдіргіш натрийдің 2%-тік ерітіндісі, жаңа сөндірілген әктің 20%-тік ерітіндісі, жоғарыда көрсетілген ерітінділердің 1 шаршы метр-ге шығын мөлшері 0,5 литр. Бұл жағдайда басқа да дезинфекциялық ерітінділер қолданылуға болады, егер де олардың қолданылуы жоғарыда көрсетілген мақсатқа дұрыс келсе.

Егер автокөлік 42-тармақта көрсетілген жүктерді тасуға арнаулы түрде

бөлінсе, сол ауданның ішінде күні бойы бірнеше рет жүк тасымалдаса, жүк артылар алдында және жүк тасымалданып болғаннан кейін дезинфекция жасалынады.

Ұшақтың ішін дезинфекция жасағанда, темірді тотықтыратын дезинфекциялық ерітінділер қолданылмайды.

46. Егер тасымалдау кезінде жұқпалы ауру анықталса, көлікті тазалау, дезинфекциялау және басқа да шаралар, ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі.

## **10. Жануарларды темір жол көлігімен тасымалдау**

47. Жануарларды және құстарды вагондарға арту, мал артатын алаңы бар белгіленген стансаларда жүргізіледі. Жануарларды артуға арналған жалпы қолданылатын алаңдардан немесе жануарлар артуға арналған баспалдағы бар алаңнан артуға рұқсат етіледі.

Темір жол көлігімен тасымалданғанда жануарлар және құстарды түсіру, сонымен қатар аз мөлшерде тасымалданғанда арту және түсіру, жүкті қабылдап және беру үшін ашық бүкіл стансаларда жүргізіледі.

Егер басқа көлікпен тасымалдауға шара болмаса, сойылатын жануарлар мен құстарды темір жол көлігімен тек алыс емес жерге (200 км. дейін) тасымалдауға рұқсат етіледі.

48. Жануарлар және құстар арнаулы вагондармен, олар жетіспесе жәй жабық вагондарда тасымалданады.

Жануарлар және құстар жәй жабық вагондармен тасымалданса, вагондарға тасымалдауға керек құрал-жабдықтары темір жолмен немесе жүк жіберуші (жүк алушы) келісімімен жабдыкталады.

49. Құстарды тасымалдау түбі бүтін торларда немесе торсыз тасымалданады, сол кезде құстарды арту екі қабатта жүргізіледі, тек үстіндегі қабаттың еденінен су өтпейтін болуы керек.

50. Жануарлар және құстарды артуға жуылған, дезинфекция жасалған вагондар беріледі.

Жануарлар мен құстарды тасымалдауға вагондардың дұрыстығын, жарайтығын мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторы анықтайды. Улы заттар мен минералды тыңайтқыштар тасымалдаған вагондар, қайта өңделмесе, оларға мал артуға рұқсат етілмейді.

51. Жіберілетін малдарға, құстарға, араларға, және де өсіру және көндіктіру үшін арналған қысқышбақаға, тірі балыққа, балық өсіретін материалдарға, ұрықтандырылған уылдырықтарға, жүк жіберуші міндетті түрде, бақылаудағы жүктердің шыққан жерінен, аумақтық ветеринариялық мекемесі берген

ветеринариялық куәлікті көрсетеді. Ветеринариялық куәліксіз мал және құс т а с ы м а л д а у ғ а ж і б е р і л м е й д і .

Ветеринариялық куәлік әрбір вагонға бөлек беріледі, оны тасымалдау құжаттарына қосады. Егер жүк жүк жіберушімен бірақ стансаға және бірақ жүк алушыға жолдаса, бірнеше вагонға бір куәлік беріледі. Бұл кезде ветеринариялық куәлік бір-ақ құжатқа қосылады да, ал басқаларына белгі қояды. " Ветеринариялық куәлік N ..., жол құжатына N..., вагонға N..."

Жануарлар және құстар сырт елге жіберілгенде, ветеринариялық куәлік әрбір в а г о н ғ а б е р і л е д і .

Ветеринариялық куәлік артылатын стансаға көрсетілетін болса, ол берілген күннен бастап үш тәулікке жарамды болып саналады.

Егер ветеринариялық куәліктің уақыты мерзімінен асып кетсе, тасымалдауға малдарды қабылдау сұрағын, мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторы шешеді.

Бал араларын, сонымен қатар өсіруге және акклиматизациялауға арналған шаяндарды, тірі балықтарды, ұрықтандырылған уылдырықты (жаңа жаратылған балықтарды) тасымалдау, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес атқарылады.

52. Станса бастығы жүк артушы мен мемлекеттік ветеринариялық қадағалауын мал мен құсты артуға 24 сағат уақыт бұрын хабар береді. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторы малдарды зерттеуін тек қана күндізгі уақытта жүргізеді.

Жануарлар мен құс түн уақытында артылса, артылатын орын жарық көзімен жеткілікті түрде қамтамасыз етілуі керек.

53. Жануарлар және құстар станса бастығы тағайындаған уақытқа стансаға жеткізіліп, артылуға дейін бүкіл вагондар мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторымен қаралуы керек.

Жануарлар мен құстарды артуға рұқсат етілсе, ол туралы ветеринариялық куәлікке белгі қойылады, ал артуға тыйым салынса, ветеринарлық куәлікті алынғаны туралы акт жасалынады, бұл туралы станса бастығына хабар беріледі. Артуға мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторы тыйым салса, жүк жіберуші міндетті түрде 2 сағаттан кейін артылуға жіберілмеген жануарларды және құстарды станса көлемінен алып кетуі керек.

Егер ауру, ауруға күмәнді жануарлар және құстар табылса, мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторы, осы Ережелерге және ветеринария саласында қолданылатын нормативтік құқықтық актілерге сәйкес шаралар қолданады.

54. Жылқылар вагонға вагонның көлденең бойы қатар бастарымен есікаралық кеңістікке қарай орналастырылады. Жолсеріктер жүруі үшін орта қатарда шеткі қатарға қарағанда бір жылқы аз орналастырылады.

55. Жылқылар тек қана тағасыз түрде тасымалданады.

56. Ірі қара мал вагонда ұзына бойы және көлденең түрінде орналастырылады

Көлденең бойы артылғанда, артылар алдында вагонның көлденең қабырғасының алынбайтын тақтайына бұрандамен мал байлауға темір шығыршықтар жапсырылады, есеппен бір шығыршық 1-2 малға. Вагонның екі басына, әрқайсысы екі тақтайдан құралатын, вагонның алынбайтын тақтайына, вагонға көлденең, вагонның беткі қабырғасына тіреп сөрелер орнатады.

Ірі қара мал артылып болғаннан соң есік жақтауларына тор қойылады.

Ірі қара малды көлденең орналастырылғанда вагонды жылқыларды орналастырылғандай қылып жасалынады, тек есікке қойған тақтай орнына тор қойылады. Ірі қара малды арнаулы вагондарға ұзына бойы артылады. Қой, ешкі, бұзау, шошқа және ірі қара малдың төлдері вагондарға бос артылады.

57. Вагондарға бұқа мен сиырды, қой мен қошқарды, шошқаның ұрғашысы мен еркегін және жануарлар мен құстың әр түрлерін бірге артуға болмайды.

Егер жануар мен құстың әртүрлі жыныс және түрімен тасымалдауға бөлек вагондар болмаса, оларды міндетті түрде мықты шарбақпен бөліп тасымалдайды.

Шошқаларды қыс уақытында сыртқы ауа температурасы  $25^{\circ}\text{C}$ . төмен болса, ал жаз уақытында үлкен семіз шошқалар салмағы 100 кг. асса, ауа температурасы  $25^{\circ}\text{C}$ . жоғары болса артылмайды және тасымалданбайды.

58. Ұсақ жануарлар тор және жәшікте бірнеше қабатта тасымалданады.

Үстіңгі тормен төбенің және вагонның қабырғасынан аралығы 0,2 м болуы керек. Жәшік пен торлар ұзына қабырға бойы орналастырылып, ортасынан малдарға қарау, жүру және ауа ағымы болу үшін орын қалдырылады. Тор және жәшіктердің түбі бүтін болып және артылғаннан соң жақсылап бекітілуі керек.

59. Жабайы жануарлар мен аңдарды вагондар мен тасымалдау темір жолмен шарт бойынша мемлекеттік ветеринариялық қадағалауымен және жүк жіберушінің келісімімен тасымалданады.

Бағалы аңдар, олардың түрлеріне қарамай темір немесе мықты ағаш, есігі темірмен торланған торларда тасымалданады. Тор есіктері мықты есіктің тиегімен және құлыпқа жабылуы керек.

60. Жеткізудің орнатылған уақытына байланысты, жүк жіберуші мал мен құсқа жеткілікті түрде жол бойына азықпен және төсенішпен қамтамасыз етеді.

Қыс уақытында ауаның сыртқы температурасы  $15^{\circ}\text{C}$ . төмен болса, қыспақ, барда, сүрлеммен жануарлар азықтандыруға болмайды.

61. Жемшөп пен төсеніш мал және құстармен бірге вагондарда тасымалданады және олар жемшөп сөрелеріне немесе вагонның есік аралық кеңістігіне салынады. Жемдер (сұлы, ұн, ұн қалдығы, жарылған жем) қапқа, ал шөп пен сабан бауланған түрінде салынады.

62. Жануарлармен артылған вагондарды төбеден жібергенде, оларды итергенде бұл жұмыстар аса сақтықпен жүргізілуі керек. Станса қызметкерлері жануарлары бар вагондардың жолсеріктерін таратудың басталуын немесе вагондарды итеру жұмыстары болатыны жөнінде ескертуі керек.

63. Жаз уақытында жануарларды тәулігінде екі мезгіл, ал қыс уақытында бір р е т с у а р а д ы .

Темір жол мекемелері белгіленген стансаларда мал суаруға су беруі керек. Су беретін және осы жөнінде қызмет көрсететін стансалардың тізімін жүк иесімен және жүк тасымалдаушының (темір жол мекемесі) арасында келісіледі.

64. Жолсеріктермен жол бойы вагондарды тазалау, темір жол мекемесінің бастығының бекітілген стансаларында жүргізіледі.

Вагондарды тазалау жөнінде қызмет көрсететін стансалардың тізімін жүк артушымен жүк тасымалдаушының (темір жол мекемесі) арасындағы келісім б о й ы н ш а ж а с а л ы н а д ы .

Ауру жануарлар табылған сәтте және жануарларды ерекше жағдайда тасымалдаған уақытта жол бойында вагондарды нәжістен тазалауға тиым салынады.

65. Жол бойында егер өлген, ауру, нашар мал және құстар болса, мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шаралар қолданады. P030407

Станса аумағынан мал және құстың өлімтігін алып тастау мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының инспекторының қадағалауымен істелінеді. Жануарлар және құстар артылған вагондарды тоқтатқанда немесе одан мал түсірілгенде жалпы үлгідегідей акті толтырылады және мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторының хаттамсымен бірге, акт тасымалдау құжаттарына қосылады.

Жануарлардың өлімтіктерін түсіретін стансалар тізімін мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының келісімімен, магистральдік темір жол жүйелерінің операторы анықтайды.

66. Жануарлар мен құстар тиелген вагондар стансаға түсірілуге келсе, онда станса бұл жөнінде мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторына және жүк алушыға, немесе экспедитерлік компанияға егер жүк



солар арқылы тасымалданса, хабар береді.

Жануарлар және құстар жүк алушымен қабылдап алынып, 12 сағат аралығында стансадан алынып кетілуі керек.

67. Жануарлар мен құстар мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторымен түсірілуге белгіленген мерзімде зерттелуі керек. Жалғыз келген мал мен құс зерттеледі, егер стансада ветеринариялық бақылау бекеті болса тексеріледі, болмаған жағдайда жүк алушыға тексерусіз беріледі.

68. Жануарлар және құстар түсіріліп болғаннан соң жүк алушы нәжіс пен төсеніштің қалдықтарын вагонның есікаралық кеңістігіне жинауға міндетті (3 категориялық вагондардан басқа). Вагондар нәжіс үйілгеннен соң, ветеринария саласында қолданылатын нормативті құқық актілеріне санитарлық өңдеуге жіберіледі.

Келіп жатқан вагондардың санының көптілігіне және жергілікті жағдайларға байланысты нәжісті және төсеніш қалдықтарын жинау үшін станса бастығы жүк алушының сұрауы бойынша қосымша уақыт белгілей алады. Бұл уақыт жаз айында 30 минут, ал қыс айында 1 сағаттан аспауы керек.

69. Егер орнатылған тәртіпке қарай карантин туралы хабарландырылса теміржол бастығы мал мен құсты орнатылған тәртіпке байланысты артуға және артуға шегеру туралы хабар береді.

Жануарлар және құсымен вагондар карантин қойылған стансаға келсе, мемлекеттік ветеринариялық қадағалауын ветеринариялық инспекторының рұқсатымен жүк алушының нұсқауымен басқа стансаларға жіберіледі.

Жануарлар мен құстарды басқа жерге жіберуге Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің ветеринария Департаментінің келісімі керек.

70. Жануарлар және құстарды шетелден алып келу және шет елге шығару тек қана орнатылған ветеринариялық талаптарға сай, экспортер мемлекеттің ветеринариялық мекемелерінің берілген ветеринариялық құжаттарымен (ветеринариялық куәлік немесе ветеринариялық сертификат) келуі тиіс.

71. Станса бастығы мал және құстардың келгені туралы хабар берген соң, сырттан келген, сыртқа шығатын және транзиттегі мал мен құсты шекара және көліктегі ветеринариялық қадағалауының аумақтық басқармасының шекаралық ветеринариялық бекетінің ветеринариялық инспекторымен зерттеледі. Зерттелген малдар және құстарға шекарадағы ветеринариялық бекетінің ветеринариялық инспекторымен сыртқа шығатын жүкке ветеринариялық куәлік орнына ветеринариялық сертификат беріледі, ал сырттан ішке тасымалданса онда ветеринариялық сертификат орнына ветеринарлық куәлік беріледі.

Ветеринариялық сертификат немесе ветеринариялық куәлік жол құжаттарына қосылады.

72. Шекаралық ветеринариялық бекеттің ветеринариялық инспекторы жануарлар және құстарды зерттеу, ветеринариялық құжаттарды беру, кедендік қарау уақытына сәйкес болуы керек.

73. Ауру және жұқпалы ауруға күмәнді жануарлар және құстар ветеринариялық жіберу құжаттарында көрсетілген мәлімет дұрыс болмаса, немесе бұл құжаттар болмаса, шекарадағы ветеринариялық бекеттің ветеринариялық инспекторы станса және кеден уәкілдерімен бірге тиісті акт жасалынып, ал мал мен құстарға шекарадағы ветеринариялық бекеттің ветеринариялық инспекторы нұсқауымен ветеринариялық-санитариялық шаралар қолданылады.

## **11. Өнімдер, жануарлардан алынған шикізат және басқа да бақылаудағы жүктерді тасымалдау**

74. Өнімдер және жануарлар алынған шикізаттар, жем, темір жолмен тасымалдауға жұқпалы аурудан таза шаруашылықтардан шықса жіберіледі.

Жануарлардан алынған өнімдер темір жолмен, темір жол көліктерінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес тасымалданады.

75. Өнімдер және жануарлар алынған шикізатқа жүк жіберуші стансаға әрбір вагонға немесе кішігірім жүкке орнатылған үлгідегі ветеринариялық куәлігін міндетті түрде көрсетеді. Ветеринариялық куәлік болмаса жүк тасымалдауға жіберілмейді.

Станса бастығы мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторына, мемлекеттік ветеринариялық қадағалауындағы жүктер артылатын болса 24 сағат бұрын хабар береді.

76. Жүк артылатын стансаға көрсету үшін алынған ветеринариялық куәлік берілген күннен бастап 3 күнге жарамды. Егер де қолданылатын уақыт мерзімінен асып кетсе, жүкті тасымалдауға қабылдауын мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторы шешім қабылдайды.

77. Ветеринариялық куәлік жол құжаттарына қосып, оның "Жүк жіберушінің айрықша өтініші және белгісі" графасына нөмірін және берілген күнін көрсетеді.

Мемлекеттік ветеринариялық қадағалауындағы жүктер, тек қана ветеринариялық куәлікте көрсетілген стансаға және жүк алушының мекен-жайына дейін тасымалдауға қабылданады. Баратын стансасын немесе жүк алушының мекен-жайын өзгерту тек тиісті аумақтық бас мемлекеттік ветеринариялық инспекторлардың рұқсатымен атқарылады.

78. Жүк барған және келген стансаларда ветеринариялық куәлікке күнтізбелік таңба қойылады, ол куәліктің келесі қолдануға жарамсыз екенін көрсетеді.

79. Бақылаудағы жүктерді зерттеу, мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторы жүк жіберілетін стансаларда артылуға дейін және арту кезінде, барған стансаларда түсіру кезінде жүргізеді.

Мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың ветеринариялық инспекторы жіберуге дайындалған бақылаудағы жүктердің бүкілін қарауы керек болса, жүк жіберушінің жүгінің кез келген тарыдан (10%) дейін тексере алады. Егер жүк ветеринариялық талапқа сай келмесе, ветеринариялық куәлік алынып, жүк тасымалдауға жіберілмейді.

80. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторы жол бойы сұрыптау стансаларында және жүктерді басқа көліктерге салатын жерде де зерттеу жүргізеді.

Мемлекеттік ветеринариялық қадағалауға түсетін жүктердің ветеринариялық куәлігі болмаса немесе жүктер жұпалы ауру малдан және құстан алынғаны анықталса, жүктер бөлектеніп мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторының көрсетуімен күшінде бар заңға сәйкес, шаралар жүргізуге нұсқау береді.

81. Ветеринариялық куәлік жол бойында жоғалса, ветеринариялық инспектор темір жол стансасының уәкілінің, мүмкіндік болса жүк иесі немесе оның уәкілінің қатысуымен акт жасап, оны тасымалдау құжаттарына қосады, ал жүк бара жатқан жеріне жіберіледі. Бұл жағдайда жүк алушыға жүктерді түсіру және беру мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторының келісуімен жүргізіледі.

82. Егер жол бойында мемлекеттік ветеринариялық бақылаудағы жүктер тоқтатылса, бұндай шешім қабылдаған ветеринариялық инспектор, бұл туралы станса бастығына немесе оның орнындағы тұлғаға хабарлайды.

Стансада жүк тоқтатылса мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторының қатысуымен және жүк алушының осы стансада қызметкері болса бірге акт жасалынады. Актіде тоқтату себебі және тоқтатылған жүкке қандай шаралар қолданылатыны көрсетіледі. Актің түсірмесі тасымалдау құжаттарына қосып, бұл туралы құжатқа белгі қойылады.

83. Жануарлардан алынған шикізат азық өнімдері, жем, үй мүліктері, малдар, темір өнімдері және бояулармен бірге сақтау және тасымалдауға тиым салынады. Жануарлардан алынған шикізаттардың салмағын тарту үшін стансаларда бөлек таразы, төсеуіш және бөлек арба болуы керек. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың ветеринариялық инспекторының нұсқауымен жануарлардан алынған шикізаттың қабылдау және сақтау орнына, таразыларға, төсеніштерге, арбаларға әрқашан дезинфекция жасалынып тұруы керек.

84. Жүк артушылар, малдан шыққан шикізатты арту, түсіру және сұрыптау жұмыстарына қамтылса, оларды қорғайтын арнаулы киімдермен (қатты матадан

істелінген костюм немесе комбинизон, қолғап, голош, алжапқыш және бас киім иық жапқышымен) жұмыс істеулері керек. Бұл арнаулы киімдерді басқа жүк артуға киюге тиым салынады. Бұл киімдерді сақтау үшін стансада бөлек арнаулы орын бөлінеді.

85. Тері және аң терісі шикізаты құрғақ, құрғақ тұздалған, ылғалды тұздалған түрінде вагондық, контейнерлік және қатты жіппен креш түрінде аз мөлшердегі тең қабылданады. Ылғалды тұздалған шикізаттың әрбір қорабы жүн жағымен немесе терінің іш жағымен сырты оралуы керек. Үлкен құрғақ терілер (буйвол және түйенің) екеуден ұзына бойы салынып немесе жіппен байланбай орап тасымалданады.

86. Тері және үлбірлі тері шикізаты аз мөлшерде тасымалданғанда жүргізетін ж ұ м ы с т а р :

құрғақ және құрғақ тұздалғанды - қатты немесе жұмсақ тарыда;  
ылғалды тұздалған - түбі бүтін бөшкеде немесе жәшікте.

87. Тері және үлбірлі тері шикізатын қатырылған түрде темір жолмен тасымалданбайды.

88. Тері, үлбірлі тері, қозы терісі және бағалы аң терісі шикізаты сібір жарасына зерттелуі тиіс.

89. Ветеринариялық куәлікте терілерге, үлбірлі терілерге, қозы терілеріне және бағалы аң терілері шикізаттарына зерттеу кезінде сібір жарасына теріс нәтиже бергендігі туралы көрсетіледі.

90. Сібір жарасына зерттелінген тері, үлбірлі теріс, қозы терісі шикізаттарына , осы зерттеу жүргізген зертхананың таңбасы қойылуы керек.

91. Жүн, қыл, шаш, түбіт және қауырсын вагонмен жіберілгенде, тасымалдауға жұмсақ тарыға оралып, аз мөлшерде болса жәшікке немесе қатты жұмсақ тарыға салынып әкелінеді.

Жүн тасымалында ветеринариялық куәлікте жүннің жуылғанын және жуылмағанын, жуылса қай түрімен жуылғанын ыстық немесе суық түрінде екенін көрсетеді. Жүннің әрбір теңінде, жүн жуылған жердің фабрикалық таңбасы болуы керек.

92. Құрғақ ішектер және қуық қапшықтары жәшікте, себетте немесе теңде мықты жұмсақ тарыға оралып тасымалданады. Құрғақ және ылғалды тұздалған ішектер түбі бүтін бөшкеде тасымалданады.

Тасымалдануға жіберілетін ішектер алдын-ала қараудан өтіп, ішіндегі қалдықтардан жақсылап тазалануы керек.

93. Мүйіз, тұяқ және сүйектер алдын-ала кірден және жұмсақ еттерден тазаланып, кептірілген түрде тасымалдауға қабылданады.

Кептірілмеген мүйіз, тұяқ және сүйектер тасымалдауға жіберілмейді. Ылғалды сүйектер, жұмсақ еттен тазаланған түрінде, қыс уақытында күндіз

кезінде сыртқы ауа температурасы  $5^{\circ}\text{C}$  төмен болса, қатырылған түрінде тасымалдауға болады, егер жүк жіберуші мұндай тасымалдауға келіссе. Бұл жағдайда құжатта "Жүк жіберушінің арнайы өтініші және белгісі" графасына жүк жіберуші "Ылғал сүйектерді қатырылған түрінде тасымалдауға келістім, жүк алушымен келісілген" деп белгі жасайды. Сүйектер тасымалданған кезде ветеринариялық куәлікте, олардың шыққан тегі (далалық, шұжықтық, асханалық) көрсетіледі.

Далалық сүйек және тұяқтар артылар алдында алдын-ала хлорлы әктің ерітіндісіне салынып және кептіріліп, бұл туралы ветеринарлық куәлікте көрсетіледі. Асханалық және шұжықтық сүйектер бірге далалық сүйектермен тасымалданбайды.

Мүйіз, тұяқ және сүйек тарысыз жабық вагондарда тасымалданады.

Асханалық және шұжық сүйектерді, тағы мүйіз және тұяқтарды аз мөлшерде тек қана қатты тарыларда (жәшік, бөшке) тасымалдауға жіберіледі.

Далалық сүйектерді аз мөлшерде тасымалдауға тиым салынады. Жүк ауласының аумағында далалық сүйектерді вагондардан түсіру және арту, станса қоймасында және жүк ауласында сақтауға және жинауға тиым салынады.

Бұл жүктің артылуын және түсірілуін тек қана автокөліктен вагонға немесе вагоннан автокөлік арқылы жүргізіледі.

94. Өңделмеген терінің қалдықтарын құрғақ түрінде, қапта, қапшықта немесе қорап және жәшікте тасымалданады.

95. Терінің шелін күн жылы уақытында құрғақ түрінде қап және қапшықта, ал консервіленгенін избесті сүтте түбі бүтін бөшкеде тасымалданады. Күн суық уақытында ауаның температурасы ноль градустан төмен болса, терінің шелін жақын орналасқан желім зауытына бөлшектеп қатырылған түрінде, тек қана жабық вагонда тасымалдауға жіберіледі. Егер терінің шелін тарысыз тасымалданса, жүк жіберуші вагонның еденіне әк салынады.

Терінің қалдықтарын және терінің шелін, аз мөлшерде тек қана түбі бүтін бөшкеде тасымалданады.

96. Жануарлардан алынған өнімдер мен шикізаттар шетелге жіберілетін болса, жүк артылатын стансада, жүктің көлеміне қарамай шекара және көліктегі мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының аумақтық басқармасының ветеринариялық инспекторы міндетті түрде зерттеу жүргізеді.

Сырттан келетін жануарлар алынған шикізат аз мөлшерде қатты немесе жұмсақ тарыға оралмаса тасымалдауға тиым салынады.

97. Шекарадағы станса бастығы міндетті түрде жүктердің келетіні туралы хабар берген соң, аумақтық басқарманың шекарадағы ветеринариялық бекетінің ветеринариялық инспекторы келген жүктерге зерттеу жүргізеді.

Ветеринариялық-санитариялық шараларды жүргізіп болған соң, аумақтық басқарманың шекарадағы ветеринариялық бекетінің ветеринариялық инспекторы сыртқа шығатын жүктерге ветеринариялық куәлік орнына ветеринариялық сертификат, ал сырттан келген болса ветеринариялық сертификат орнына ветеринариялық куәлік береді, олар сосын тасымалдау құжаттарына қосылады. Жіберуге түскен малдан шыққан өнімдер және шикізаттар сыртқа немесе ел ішінде болса, ветеринариялық құжаттар дұрыс болмаса тасымалдауға жіберілмейді.

Жіберуге келген жануарлардан алынған өнімдер және шикізаттар ветеринариялық құжаттар жоқ болса, экспортқа немесе импортқа жіберілмейді.

98. Сүт, сүт өнімдері, жем, шөп және сабан, тек ветеринариялық куәлігі болса ғана тасымалға жіберіледі, мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторы бұл жүктерді арту және түсіру кезінде міндетті түрде зерттеу жүргізеді. Жіберілетін жүктер бір жүк жіберушімен, жүк алушының мекен-жайымен бір стансаға баратын болса, онда жүкке бір ветеринариялық куәлік беріледі. Бұл уақытта ветеринариялық куәлік бір жол құжатқа тігіліп, ал басқа жол құжаттарына "Жүк жіберушінің арнайы өтініші және белгілері" графасында көрсетіледі: Ветеринариялық куәлік N..., алынған күні N..., N... жол құжатына тігілген.

99. Малдан шыққан өнімдер және шикізаттар тасымалданғаннан соң, вагондар міндетті түрде жуылып, тазаланып "Вагондарды ветеринариялық-санитариялық өңдеу нұсқауына" сәйкес жүк алушының (жүк жіберуші) қаражатына дезинфекция жасалынады.

## **12. Тез бұзылатын жүктерді тасымалдау**

100. Тез бұзылатын жүктерді темір жолмен тасымалдау кезінде қорғалуы керек жүктер бұларға сыртқы ауаның жоғары немесе төмен температурасынан қорғалуы керек жүктер.

Мұздатқыш вагондарда мұздатылған жүктерді тасымалдау уақыты шектелмейді.

101. Тез бұзылатын жүктер тасымалдауға тек қана тасымалдау жағдайы сапасына сәйкес болса, орамда орнатылған стандарттарға және техникалық шарттарға сәйкес болса тасымалдауға жіберіледі. Орамы бүтін, мықты, таза, аққанның ізі жоқ болуы керек.

102. Жүк жіберуші жол құжатымен бірге, тез бұзылатын жүктерге стансаға міндетті түрде, мемлекеттік ветеринариялық қадағалаудың бақылауындағы жүктерге орнатылған түрде ветеринариялық куәлік және жүктерге сапа куәлігін көрсетеді.

103. Жылдың жаз және ауа райының аумалы уақытында қатырылған және мұздатылған жүктер, қораптары жылы изоляцияланған автомұздатқышта немесе автокөлікте тасымалданады. Қыс уақытында тасымал кезінде суықтан қорқатын жүктерге қатпауы үшін керекті құралдармен қамтылуы керек. Жүк жіберуші сапа куәлігінде немесе сертификатта міндетті түрде автокөлік түрін, жүк тасымалдауының ара қашықтығы, сыртқы ауаның температурасын көрсетуі қажет.

104. Егер, тез бұзылатын жүктерді тасымалдау уақыты сертификатта немесе сапа куәлігінде көрсетілген жүк жеткізу уақытынан аз болса "Жүкті жеткізу уақыты және жүктерді жеткізу уақыты есебі" Ережесіне сәйкес, онда бұл жүктер тасымалдануға қабылданбайды.

105. Бір вагонға тез бұзылатын әр түрлі жүктерді тасымалдануға тек қана оларды қарау бірдей болған кезде және белгіленген тез бұзылатын жүктердің сақталу уақытымен жіберіледі.

106. Тез бұзылатын жүктерді тасымалдауға берілген вагондар темір жолдың нормативтік құжаттарына сәйкес болуы керек. Балық және басқа жүктердің, бояудың аз-маз иісі вагондарда болса да, онда тез бұзылатын жүктерді артуға, вагондарды ыстық сумен жуылғаннан және желдеткеннен соң, рұқсат етіледі.

### **13. Ет және ет өнімдерін теміржол көлігімен тасымалдау**

107. Ет және ет өнімдері мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының ветеринариялық инспекторының зерттеуінен кейін вагондарға артуға рұқсат етіледі. Станса бастығы мемлекеттік ветеринариялық қадағалауға бұндай жүктердің вагондарға артылуына 24 сағат қалғанда хабар береді.

Ет және ет өнімдері тасымалдауға ветеринариялық куәлікте көрсетілгендей тек қана сол стансаға және жүк алушының мекен-жайына дейін жіберіледі. Ветеринариялық куәлікке көрсетілуге баратын станса және жүк алушының мекен-жайын өзгерту тиісті аумақтың мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының рұқсатымен жүргізіледі. Жол бойында және стансада артылған жүктердің мекен-жайы өзгерсе мемлекеттік ветеринариялық қадағалау мекемесіне станса бастығы міндетті түрде хабар береді. V043294

108. Жүк жіберуші қатырылған еттерді тасымалдауға әкелгенде, олар міндетті түрде келесі талаптарға сай болуы керек:

1) ірі қара мал және басқа да ірі малдардың ұшалары ұзын бойымен екіге немесе төрт бөлікке бөлінуі тиіс;

шошқаның ұшалары ортасынан екіге немесе бассыз бүтіндей;  
қой еті немесе басқа да ұсақ малдардың еті тасымалдауға бассыз ұшалай  
к ө р с е т і л е д і ;

2) ұшаларда, жартылай бөлінген, төртке бөлінген еттерде, ішкі құрылыстың қалдықтары, қан, жалбыраған кір ет, қар және мұз болмауы керек. Бөлінбеген, екіге бөлінген, төртке бөлінген еттердің үсті таза, қанталаған жерлер және т.б. б о л м а у ы к е р е к ;

3) артылар кезінде еттің іш қабатында температурасы минус  $8^{\circ}\text{C}$ . жоғары б о л м а у т и і с .

Қатырылған еттер орамсыз тасымалданатын болса, алдын-ала еденге және қабырғаға торлар салып үйілініп артылады да, орталарын қағаз салып тормен вагонның қабырғасының арасынан суық ауа жүретін тесік қалдырады. Қатырылған ет бөліктері температурасы минус  $8^{\circ}\text{C}$ -тан төмен болып, пергамент, пергамин, целлофан немесе басқа да жұмсақ пленкалармен оралып картондық контейнерге немесе картон қорапқа салынуы керек. Экспортқа артылған еттер, шекаралық стансада қайта артылатын болса қатырылған ет және оның бөліктерін жүк жіберуші міндетті түрде, орамда еттің температурасы  $10^{\circ}\text{C}$ -тан градустан аспайтын болып, тасымалдауға әкелінеді.

109. Салқындатылған ет артылар алдында еттің ішкі қабатында температурасы 0 ден минус  $4^{\circ}\text{C}$ -тан аспай, еттің үсті құрғақ және кепкен қатпары болып, көгермеген, жібімеген, сілекейсіз және қатқан етке тән бөлінген б о л у ы к е р е к .

Салқындатылған түрінде шошқаның кесілімдері тасымалдауға жіберілмейді.

110. Салқындатылған түрде мұздатқышы жоқ, сойылғаннан соң сақталуы екі күннен аспаса тек қана мал, қой, жылқы етін ғана тасымалдауға болады. Салқындатылған ет тасымалдауға еттің үсті кепкен қатпары болып, еттің ішкі қабатында температурасы минус  $4^{\circ}\text{C}$ -тан  $12^{\circ}\text{C}$ -қа дейін болуы керек.

111. Мұздатылған және салқындатылған еттерді вагонға асып артылады, асып артылғанда ұшалар, жартылай бөлінген, төртке бөлінген еттер, бір-бірімен және вагонның едені мен қабырғасымен жанаспау керек.

Жартылай бөлінген қара мал етін ілгенде оң бөлігі вагонның бір жағына, сол бөлігі бір жағына, іш жақтарымен вагонның басына немесе аяғына қарай қ а р а т ы л ы п і л і н е д і .

Төртке бөлінген қара мал еті және қой еті екі қабаттап ілінеді, екінші қабаты бірінші қабатқа жіппен байланады. Қара мал етінің жартылай бөлінген және төртке бөлінгенін еттері шахмат тәсілінде ілінеді. Шошқаның жартылай бөлінген етін және басқа да ұсақ малдар етін орнының көлеміне байланысты қой мен сиыр етіне сәйкестеп ілінеді.

112. Өнеркәсіптік өңдеуге жіберілген еттер, тасымалдауға тек қана қатырылған түрінде жіберіледі. Жүк жіберуші жол құжатындағы "Жүктердің



аталуы" графасына және сапа құжатына қосымша еттер не үшін жіберіліп жатқаны туралы көрсетеді.

113. Қатырылған еттер және кит бауыры оралған түрінде олардың температурасы минус  $10^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болмаса тасымалдауға жіберіледі.

114. Сойылған құстар тасымалдауға қораппен жіберілуі керек: қатырылған түрінде - тазаланған және жартылай тазаланған ет қабатында температурасы минус  $18^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болмау керек; мұздатылған түрінде - тазаланған еттің ішкі қабатындағы температурасы минус  $0^{\circ}$  - тан  $4^{\circ}\text{C}$ -қа дейін;

бүкіл жабайы құстар тазаланбай қатырылған түрінде, орамда тасымалданады. Сойылған құстарда көгергені, сілекейлі, ашыған иісі және еттің беті жібіген болса тасымалдауға жіберілмейді.

115. Қоянның еттерін жәшікте тек қатырылған түрінде, ет қабатында температурасы минус  $18^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болмаса тасымалдауға жіберіледі. Қоян еті терісіз, бассыз, іш құрылысынсыз, көгерген жері, сілекейлі, еті жібіген болмауы керек.

116. Ішкі шикізаттар (бас, тіл, ми, ерін, аяқ, жүрек, өкпе, бауыр, бүйрек, құлак, құйрық, қарын) тасымалдауға тек олардың ішкі қабатындағы температурасы минус  $18^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болмаса тасымалдауға жіберіледі. Ішкі шикізаттар таза, бұзылмаған болуы керек. Бас, аяқ және құлақтар ұйытылған түрінде, жүнсіз тасымалданады. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының рұқсатымен, малға азық болатын ішкі шикізаттарды қатырылған брикет түрінде, қорапсыз, еден мен қабырғаға қағаз төселініп тасымалданады. Бұл жағдайда жүк жіберуші міндетті түрде жол құжатының "Жүк жіберушінің өтініші мен белгілері" графасына, малдың ішкі шикізаттары малға немесе аңға азық екенін көрсетеді.

117. Эндокриндік шикізаттар (қарындық, щитовидтік, парашитовидтік және басқа бездер) қатырылған түрінде, мұздатқыш вагондарда тасымалданады.

118. Ысталған еттердің температурасы минус  $4^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болмай және ысталғанның жақсы иісі болып, құрғақ, таза, ысталғанның сырты етпен, маймен жұлмаланбаған, жалбыраған етсіз, шашсыз, көгермеген болса тасымалдауға жіберіледі. Ысталған еттер тесіктері бар жәшіктерде тасымалданады. Ысталған еттерді бөшкеде үстіне тамақтық ерітілген маймен құйып тасымалдауға рұқсат етіледі.

119. Шикі ысталған және жартылай ысталған шұжықтар сырты таза болып, сыртқы қабығы бұзылмаған болуы керек. Шикі ысталған шұжықтың тығыздығы қатты, толық болу керек; жартылай ысталған шұжықтар - жұмсақ, толық болуы керек.

Шұжықтың дымқылдығын сапа куәлігінде немесе сертификатта көрсетіледі,

оның дымқылдылығы орнатылған стандарттан жоғары болмауы керек. Жартылай ысталған шұжықтар артылу кезінде олардың температурасы  $4^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болмау керек.

120. Тасымалдауға жататын шошқа майының түр түсі келесідей болуы керек:  
түсі - сарғаймаған, қараймаған және бөтен иісі мен дәмі жоқ ақ және ақ қызыл т ;

тығыздығы - толық, жабысқақ емес;  
иісі және дәмі - тұздалған немесе тұзды ысталған, басқа нәрселердің иісі және дәмі болмау керек .

Шошқа майы, беконь, шұжықтары орамда тасымалданады.

121. Жануарлардан алынған астық ерітілген майы (қара малдың, қойдың, шошқаның, сүйектің) ағаш бөшкелерде, қаңылтыр және шыны ыдыстарда, май шығармайтын қағазға оралып және жәшікке салынып тасымалданады. Жануарлардан алынған тамақтық ерітілген майы, артылу кезінде температурасы  $4^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болмауы керек.

122. Қара малдың және қойдың тұздалған еттері, тұздалған тіл, тұздық құйылған бөшкелерде тасымалданады, егер оның тұздалуы 10 күннен асып кетсе тасымалдауға жіберілмейді. Тұздалған уақыты сапа куәлігінде көрсетіледі.

123. Консервіленген қан темір немесе ағаш бөшкелерде  $4/5$  бөлік көлемінде құйылып тасымалданады.

124. Сүт және сүт өнімдері изотермитті вагондарда, ал сүт болса цистернада да тасымалданады.

125. Тамақтық тауық жұмыртқаларын (суытылмаған) орталарына ағаш үгіндісін немесе картон қағаз салынып жәшікке салынады.

Жұмыртқа өнімдері (меланж, жұмыртқаның ағы және сарысы) саңылаусыз ақ қаңылтырдан жасалған ыдыста, қатты жәшікке салынып тасымалданады. Жұмыртқа өнімдері артылар алдында, олардың температурасы  $6^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болмау керек.

126. Бал араларын омартада немесе фанерлік қорапта жүк жіберушінің жолсерігімен тек жаз және өтпелі уақытта ғана тасымалданады. Тасымалдау кезінде омарта және фанерлік қораптарды вагонға артылғанда ауа кіретін тесігі жабылып қалмай, қатарлардың ортасында жолсерік жүретін жол болуы керек. Мықты тұру үшін омарталарды бір-біріне тақтаймен шегелейді.

127. Жүк жіберушілер міндетті түрде ет және малдың ішкі шикізаттары тасымалдау мұздатқыш вагондарға және олардың уақтылы түсірілуін қамтамасыз етулері керек.

## 14. Ветеринариялық қызметтің бақылауындағы қол жүкті және поштамен жіберілетін жүктерді тасымалдау

128. Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау бақылауындағы жүктерді, жүк және пошталық тасымалдауға, ветеринария саласындағы тиісті аумақтық мемлекеттік ветеринариялық инспекторлар берген ветеринариялық құжаттарды көрсеткен кезде (ТМД елдер аумағында ветеринариялық куәлік көрсетілгенде, ал басқа мемлекеттерге - ветеринариялық сертификаттар) жүктер тасымалдауға қабылданады.

129. Жануарлардан алынған өнімдерді қол жүкпен және пошталық жіберу арқылы тасымалдауға, дайындалуы және қапталуы тиіс, атап айтқанда:

1) шикі ет, құс еті, ысталған, жартылай қолдануға дайын ет өнімдері басқа жүктерден бөлек, міндетті түрде қатты немесе жұмсақ тығыз ылғал өтпейтін орауға қапталады. Құс еті тасымалдауға тек қана ішкі құрылыс мүшелері тазаланған немесе жартылай тазаланған түрінде қабылданады;

2) шикі жұмыртқалар - қатты су өткізбейтін орауларда;

3) балық, уылдырық, асырауға арналған шаяндар - сәлемдеме және жүк с а л а т ы н ж ә й қ о р а п т а р д а ;

4) тері, үлбірлі тері, жүн, қауырсын, шаш, сүйек, ішек, қарын қатты немесе жұмсақ су өткізбейтін орауда.

130. Қазақстан Республикасына келіп түскен халықаралық сәлемдемелер және қол жүктерді ветеринариялық қарау халықаралық ауыстыру орындарында атқарылады: поштампадарда, аэропорттарда, теңіз порттарында, темір жол стансаларында, автотрассаларда мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының шекара және көлік ветеринариялық бекетінің аумақтық басқармасының ветеринариялық инспекторлары, ал олар жоқ жерде аумақтық басқармалардың ветеринариялық инспекторлары жүргізеді.

131. Сәлемдемелерімен және жүкпен келген ветеринариялық қызметтің бақылауындағы жүктер ТМД құрамындағы мемлекеттерден ветеринариялық куәлікпен, басқа шет мемлекеттерден ветеринариялық сертификатпен серіктестірілуі тиіс.

132. Кедендік мекемелер ветеринариялық қадағалау бақылауындағы жүктер шет елден қол жүгімен, қатынаушының қол жүгімен келсе, бұл туралы шекарадағы ветеринариялық бекеттің қызметкеріне хабарлау керек, ал халықаралық пошталық жіберумен келсе, кедендік декларацияның барлығына " Ветеринариялық қадағалауға көрсету" деп белгі қояды.

## **15. Тасымалдау кезінде ветеринариялық-санитариялық ережелерді сақтауын бақылау**

133. Ережелердің орындалуын бақылау шекара және көліктегі мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының аумақтық басқармасының ветеринариялық инспекторлары жүргізеді, олар болмаған жерде мемлекеттік ветеринариялық қадағалауының аумақтық басқармасының ветеринариялық инспекторлары олардың түсірілетін, артылатын жерлерде керек болса бақылаудағы жүктердің жол бойы жүру бағытында қадағалау жүргізеді.

134. Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" туралы Заңында белгіленген бақылау жүктерін тасымалдау кезінде ветеринариялық-санитариялық талаптарды бұзушылар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапты.